

Киекбаева Асель Темировна

Инновациялық Еуразия университетінің 2 курс магистранты, Қазақстан

Қазақстан Республикасының парақорлық туралы заңнамасының даму тарихы мен парақорлықпен күрестің қазіргі қазіргі жағдайы

20 ғасырдың аяғы сыбайлас жемқорлыққа байланысты, осы тұрғыдағы құбылыстармен пәрменді күрес жүргізуге арналған сан қырлы ғылыми ізденістерің өсуімен де ерекшеленеді. Өйткені бүгінгі күні сыбайлас жемқорлық Қазақстанның қауіпсіздігіне, елдің экономикалық дамуына кереғар бизнес дамып, мемлекеттік қазынаға түсетін елеулі қаражат кіріске кірмейді. Еліміздегі алғашқы сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы заңнама 1998 жылдың 2 шілдесінде қабылданған болса, ал 2015 жылдың 18 қарашасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу туралы» туралы заң қолданысқа енгізілді. Бұл заңдылық нормалар парақорлықпен күреске арналған құқықтық нормалардың алғышарттарының бір көрінісі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік қызметшінің немесе мемлекеттік қызметтерді атқаруға міндетті тұлғаның, лауазымды адамның қызмет бабын қолдана отырып, жеке басына немесе басқа тұлғаларға немесе ұйымдарға залал келтіру үшін қызмет мақсаттарын кері қолданудың нәтижесінде жеке тұлғаның заңды құқықтары мен мүдделеріне, мемлекеттің заңды түрде қорғалатын мүдделеріне біршама зиян келтіруге әкелген іс-әрекеттерді жатқызамыз. Байқағанымыздай, бұл түсініктеме осы құбылыстың нақты көрінісін сипаттап отыр. Сыбайлас жемқорлықтың қылмыстық-құқықтық табиғаты жайлы қылмыстық және құқықтық теорияда түрлі ойлар болғаны мәлім. Осылайша, сыбайлас жемқорлық сипатының қылмыстық-құқықтық объектісін тек қана парақорлықпен байланыстыру дұрыс емес. Сыбайлас жемқорлықтың қылмыстық-құқықтық объектілеріне мемлекеттік билікке қарсы, мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметіне қарсы

қылмыстарды лауазым иелерінің, басқа да кез-келген лауазым иесіне теңестірілген немесе лауазым иесі болып табылмайтын мемлекеттік қызметшілердің қызмет бабына пайдакүнемдік немесе басқа да мүдделілікті пайдаланылып жасалған қылмыстарын жатқызамыз.

Қазіргі кезде азаматтық қоғамда сыбайлас жемқорлық түсінігі әбден орнығып, құлаққа сіңімді болып кетсе де, ал басқа жағынан алғанда ҚР қауіпсіздігіне, еліміздің экономикалық деңгейінің дамуына кері әсер етуші фактор болып табылады. Елімізде, статистикалық мәліметтерге сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың салдарынан көлеңкелі бизнес өркендеп, жылына мемлекеттік қазына қорына түсетін 540 миллион доллар кіріске кірмейді, яғни ішкі табыс көзінің 27 пайызы түсініксіз жерге кетуде.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлем мемлекеттерін алаңдатып отырған кесел тәріздес, 1989 жылы БҰҰ басшылығымен мемлекеттік қару саласындағы жемқорлық мәселесі бойынша Гаагада (Нидерланды) халықаралық семинар болып, оның нәтижелері БҰҰ Сегізінші конгресінде осы мәселені қараудың алғышарты болды. Экономикалық және әлеуметтік кеңес (ЭКОСОС) мынадай ұсыныстар жасады: Мемлекеттік лауазым иелері арасындағы сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттік бағдарламалардың барлық түрлерінің тиімділігін жоққа шығаруына, дамытуды қиындатуына байланысты және кейбір адамдар мен топтарға қауіп туғызуына орай, барлық мемлекеттердің:

- 1) сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне оны тежеуге сәйкес келетін қылмыстық заңдардың санкциясын жетілдіру;
- 2) сыбайлас жемқорлықты өкімет билігіне қызмет жасаудан сақтандыруды реттейтін механизмдерді дайындау;
- 3) сыбайлас жемқорлықпен құныққан лауазымды тұлғаларды анықтаудың, тергеудің және соттаудың тетіктерін қабылдау;
- 4) сыбайлас жемқорлық арқылы алынған мүліктер мен құралдарды тәркілеудің құқықтық ережесін белгілеу;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар кәсіпорындарға экономикалық санкция қолдану өте маңызды.

Кеңес өкіметінің алғашқы декреттерінің бірі парақорлықпен күреске арналды. РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1918 жылы 8 мамырдағы «Парақорлық туралы» және 1921 жылы 16 тамыздағы «Парақорлықпен күрес туралы» декреттері жарияланды.

Осы аталған екі декретте 1922 жылғы РКФСР қылмыстық кодексінің «лауазымдық қылмыстар» деген тарауын дайындау негізі болды. 1922 жылғы қылмыстық кодекстің 105-бабының ескертуінде тұңғыш рет лауазымды тұлғаның түсінігі берілді. Осы түсінік 1918 жылғы 8 мамырдағы парақорлық жөніндегі декретте айтылған лауазымдық тұлғаның түсінігін одан әрі жетілдірді. Атап айтқанда лауазымды адамдары болып тұрақты немесе тиісті органдарда уақытша қызмет атқаратын адамдар да танылды. Лауазым адамдарына тән функциялардың мәні де аталып көрсетілді. 1922 жылғы қылмыстық кодекс пара алумен бірге, пара беру, парақорлыққа делдалдық және парақорлықты жасырғаны үшін қылмыстық жауаптылық белгіледі. 1922 жылғы РКФСР ҚК-тің 15-бабында парақорлыққа арандатқаны үшін өте қатаң қылмыстық жауаптылық белгіленді. Парақорлыққа арандату деп лауазым адамын әшкерелеу үшін оған жалған түрде пара ұсыну, соған байланысты жағдай және мүмкіндіктер туғызу танылды. Соған коммунизмді саясатынан жаңа экономикалық саясатқа көшіруге байланысты. Бүкілодақтық орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Советі 1922 жылы 9 қазанда «Қылмыстық кодекстің 114 бабының мәтінін өзгерту туралы» декрет қабылдайды. Осы декрет парақорлық үшін қылмыстық жауаптылықты едәуір күшейтті.

Қазақстанда тұңғыш рет Қылмыстық кодекс 1959 жылы 22 шілдеде қабылданып, 1960 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Қазақ ССР қылмыстық кодексінде көрсетілген лауазымдық қылмыстар жүйесі негізінен кеңестік жүйеде қабылданған заңдарға негізделді. Бірақ Қазақ ССР Қылмыстық кодексіндегі лауазымдық қылмыстар тарауында РКФСР Қылмыстық кодексіне қарағанда елеулі айырмашылықтар болды. Қазақ ССР 143-бабында лауазымды адамдар туралы басқаша, жаңаша түсінік берілді. Барлық мемлекеттік немесе қоғамдық кәсіпорындарда, ұйымдарда немесе мекемелерде істейтін

қызметшілерді атұаратын функциясына байланыссыз лауазымды адамдары болып саналды. 1982 жылғы 19 сәуірдегі және 29 желтоқсандағы осы 143 бапқа өзгеріс енгізіліп лауазымды адамдардың түсінігі басқаша берілді. Оны лауазымды адамдар болып өкімет өкілдерді немесе мемлекеттік, қоғамдық органдарда ұйымдастыру – басқару немесе әкімшілік – шаруашылық қызметтерді орындауға байланысты қызметпен шұғылданатын немесе осындай міндеттерді арнайы өкілеттік бойынша орындайтындар танылды. Осы атаған адамдар пара алу құрамының да субъектісі болды. Қазақ ССР ҚК-нің 146 бабында пара алу құрамы үшін жауаптылық толық көрсетілді.

1962 жылы 20 ақпандағы КСРО Жоғарғы Советі Президиумының «Парақорлық үшін қылмыстық жауаптылықты күшейту» туралы жарлығына сәйкес осы қылмыс құрамы үшін жаза мөлшері едәуір ұлғайтылды. Ауырлататын жағдайда пара алғаны үшін он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырып, мүлкі тәркілеуге жазаланатын болды, ауырлататын жағдайда пара алғаны үшін мүлкі тәркіленіп бес жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, ал аса ауырлайтын жағдайда осы қылмысты істегенде өлім жазасына кесіліп, мүлкі тәркіленеді. Бірақ заң пара алудың аса ауырлайтын түрінің түсінігін ашып көрсетпеді. Қылмыстық құқық ғылымы пара алудың аса ауырлататын түріне осы іс-әрекетті үнемі жасауды, жауапты қызметтегі лауазымды адамдардың пара алуын, аса ірі мөлшерде не ұйымдасқан топтың пара алуын жатқызды. Бірақ қылмыстың заңда бұл түсініктерге тиісінше заңдылық анықтама берілмеді, мұның өзі сот, тергеу тәжірибесінде іс-әрекетті дұрыс саралауға кері әсерін тигізді. Парақорлыққа делдалдық үшін жауаптылық 1962 жылы 13-маусымдағы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Жарлығы мен белгіленіп, Қылмыстық кодекске толықтыру енгізілді. Парақорлыққа делдал болғаны үшін жауаптылықты белгілейтін 146-1 бап арнайы көрсетілді, бірақ заңда парақорлыққа делдал болғандарды қылмыстық жауаптылықтан босату шарттары көрсетілмеді.

Мұндай норма тек пара беруші үшін ғана көрсетілді. Егер пара берген адам қорқыту салдарынан мәжбүр болып пара берсе немесе бұл адам пара бергеннен

кейін осы жайынжа ерікті түрде мәлімдесе, ол қылмыстық жауапқа тартыудан босатылатын болып заңдастырылды. Еліміз егемендік алуына, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің құрылуына байланысты 1991 жылдан бастап Республикамызда әлеуметтік-экономикалық, саяси ұйымдастырушылық зор өзгерістер болды, жаңа мемлекет, жаңа қоғамдық құрылысқа бұрынғы заңдар, оның ішінде Қылмыстық заңдар да сәйкес келмеді. Қолданылып жүрген Қылмыстық кодекске 1997 жылға дейін 160-тан астам өзгертулер, толықтырулар енгізілді. Осыған орай елімізде жаңа Қылмыстық кодекс қабылдану қажеттілігі туындады. 1994 жылы Қылмыстық кодекстің жобасын әзірлеу қолға алынды. 1997 жылы 16 маусымда Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі болып қабылданды, ол 1998 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енді. Жаңа қылмыстық кодекс парақорлық үшін жауаптылықты белгілейтін қылмыс құрамдарын жаңаша жетілдірілген дәрежеде белгіледі. Бұрынғы заңдармен салыстырғанда парақорлыққа қарсы бағытталған қылмыстық заңдылықтың жетістіктерін атап өтуімен бірге, бұл нормалардың осал тұстарын, одан әрі жетілдіру түсетін тұстары да жетерлік еді.

Сонымен, сыбайлас жемқорлық сипатының қылмыстық-құқықтық объектісін тек қана парақорлықпен байланыстыру дұрыс емес. Сыбайлас жемқорлықтың қылмыстық-құқықтық объектілеріне мемлекеттік билікке қарсы, мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметіне қарсы қылмыстарды лауазым иелерінің, басқа да кез-келген лауазым иесіне теңестірілген немесе лауазым иесі болып табылмайтын мемлекеттік қызметшілердің қызмет бабына пайдакүнемдік немесе басқа да мүдделілікті пайдаланылып жасалған қылмыстарын жатқызамыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, <<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>> (жүгіну күні: 10.04.2016 ж.)